

«Нұра жалпы білім беретін мектебінің»КММ

Бекітемін

Дүсін

Мектеп директоры:Д.И.Мусин

«Жас Ұлан»ұйымының 2022-2023 оку жылындағы жұмыс жоспары бойынша атқарылған есебі

Тәлімгер:Н.А.Даримбаева

2022-2023 оку жылы

**Нұра жалпы білім беретін мектептің тәлімгері Н.А. Даримбаеваның
«Жас Ұлан» ұйымының 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс жоспары
бойынша атқарылған іс-шара есебі**

«Жас Ұлан» ұйымының мақсаты:

Өскелен жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

«Жас Ұлан» ұйымының міндеттері:

- Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелен жас ұрпақтың бойында рухани - адамгершілік қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау:

- жауапкершілікпен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

2022-2023 оқу жылы Жас Ұлан ұйымы 5-11 сыныптар – 84 оқушы, Жас Қыран ұйымы 1-4 сыныптар – 45 оқушы қамтылып, жұмыс жүргізді. Жас Ұлан ұйымының оқушылары 9сынып оқушылары рухани құндылықтарға негізделген тәрбие бағыты мен шығармашылық деңгейін дамыту мақсатында "Көркем әдебиет көңілге нұр құяр" тақырыбында өткізілген эссе жазу байқауында ауданда жүлделі орындарға ие болды. Аудандық «Ұстаздарға мың алғыс!» атты бейне құттықтау байқауында 8-сынып оқушылары алғыс хатпен марапатталды.

Табиғатты аялауға, сүйіспеншілікке, экологиялық жағдайларды дұрыс түсінуге, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында «Экоәлем» бағыты бойынша 5-10 сыныптар арасында

«Таза аула» акциясы өткізілді. Акция бойынша оқушылар мектеп ауласын қоқыстардан тазартып, ағаштар отырғызды. Жыл бойы өздеріне тиесілі участоктарын қарап, тазарту жұмыстарын жүргізеді.

Қыркүйек айында «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасын және өзін-өзі басқару ұйымының президентінің сайлауы болып өтті. Ұланбасы болуға үміткерлердің саны шектелмеген. Сайлау нәтижесі бойынша мектеп президенті болып 9 сынып оқушысы Шеризат Даңана сайланды, Ұланбасы болып 8 сынып оқушысы Мұздыбай Ақбота сайланды.



Окушы бойына халқымыздың асыл қасиеттерін сіңіру, үлкенде сыйлау, өз ата – бабасын ұмытпай сақтау үшін және салт – дәстүрден нәр алып өсуіне, инабаттылыққа, жақсы мен жаманды ажырата білу мақсатында Қарттар күніне орай ардагер ұстаздарға жыл сайын құрмет көрсетіліп, көмектер ұсынылады.

Адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйрету мақсатында 5-7 сыныптар арасында «Адалдық сағаты» акциясы өткізілді.

"Тәуелсіз елдің ұланымыз!" атты салтанатты шарасы барысында оқуда озат, өнерлі, спортта жетістіктерге жеткен, ғылыми дарынды оқушылар "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер үйымының қатарына 15 оқушы қабылданды. "Жас Ұланның" ережесі бойынша оқушылар рапорт тапсырып, ән ұран шырқап, ант берді. Үйымға қабылданған Ұландарымызға туымыз түстес галстуктері мен төсбелгілері табысталды. Салтанатты жиын мерекелік концерттік шарамен жалғасын тапты.



Сыбайлас жемқорлықты жеңуде нақты табысқа жету үшін балаларды ерте жастан бастап парасаттылық, адалдық, әділдік сияқты қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында «Әділ және парасаттылық» тақырыбында 6-7 сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізілді. Сурет байқауына 25 оқушы қатысып, жасалған жұмыстарының нәтижесі бойынша мектеп директорының I, II, III орындары мен «Алғыс хаттармен» марапатталды.

Орындаған:

Дарибаева Н.А.